

Ұлан ауданының Аблакет ауылдық округінің Сағыр ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Аблакет ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 ақпанда № 4880 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Аблакет ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Аблакет ауылдық округі әкімінің 04.01.2019 № 1 шешімімен (алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы міндетін атқарушысының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 502 ұсынысына сәйкес, Аблакет ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ** :

1. Ұлан ауданы Аблакет ауылдық округінің Сағыр ауылында ірі қара малдың арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ұлан мал дәрігері" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Аблакет ауылдық округі мал дәрігерлік бөлімшесінің меңгерушісі Е.Кайсановқа осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК